

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаменті, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық полиция органы бастығының және учаскелік полиция инспекторының халық алдында есеп беруін ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 723 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 758 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2023 № 758 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаменті, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық полиция органы бастығының және учаскелік полиция инспекторының халық алдында есеп беруін ұйымдастыру мен өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министр

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 6 қарашадағы
№ 723 қаулысымен
бекітілген

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаменті, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық полиция органы бастығының және учаскелік полиция инспекторының халық алдында есеп беруін ұйымдастыру мен өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаменті, қалалық, аудандық қаладағы аудандық полиция органы бастығының және учаскелік полиция инспекторының халық алдында есеп беруін

ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін айқындайды.

2. Жергілікті қауымдастық алдында бетпе-бет сөз сөйлеуі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаменті, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық полиция органы бастығының және учаскелік полиция инспекторының (бұдан әрі – полиция қызметкерлері) есеп беруі болып табылады.

3. Полиция қызметкерлерінің есеп беруі азаматтарды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаментінің, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық полиция органының (бұдан әрі – аумақтық полиция органдары) және қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскенің жұмысы туралы ақпараттандыру бойынша міндетті қызметінің бір бөлігін білдіреді.

4. Есеп беруді өткізу кезінде полиция қызметкерлері Қазақстан Республикасының Конституациясын, "Құқық қорғау қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Қағидаларды басшылыққа алады

2-тaraу. Есеп беруді ұйымдастыру мен өткізу тәртібі

5. Полиция қызметкерлерінің есеп беруі:

1) жергілікті қауымдастық алдындағы ашықтығын, жауапкершілігін және есептілігін одан әрі арттыру;

2) ашықтық және жариялышық қағидаттарын қамтамасыз ету;

3) азаматтардың полицияға сенімі деңгейін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

6. Есеп беруді өткізудің міндеттері:

1) азаматтарды құқық бұзушылық профилактикасының, қоғамдық тәртіпті сақтаудың және қылмысқа қарсы күрестің жағдайы туралы хабардар ету;

2) қоғамдық бақылау жүйесін дамыту;

3) мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдармен және азаматтармен құқық бұзушылықтардың алдын алу және ашу бойынша өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

4) полиция қызметі саласында азаматтарды құқықтық сауаттандыру болып табылады.

7. Жергілікті атқарушы органдар:

1) аумақтық полиция органдарымен келісім бойынша полиция қызметкерлерінің халық алдында есеп беруін өткізу күнін айқындайды, тиісті кестелерді бекітеді, олардың көшірмелерін аумақтық полиция органдарына жібереді;

2) есеп беру кездесулерін өткізілетін күнге дейін кемінде он күн қалғанда оларды өткізуінде уақыты мен орнын, кестелері және алдағы есеп беруге халықтың сұраптарын (ұсыныстарын) жолдау тәсілдері туралы ақпаратты айқындайды және өнірлік бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспа басылымдары, теле-, радиоарналар, ресми интернет-ресурстар) жариялады;

3) жергілікті қауымдастықтың жиынын немесе жиналысын ұйымдастырады.

8. Өткізілетін орны санитариялық және гигиеналық талаптарға сәйкес келуі және болжамдалған қатысушылар саны сынға тиіс.

9. Есеп беруге дайындалу кезінде:

1) мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік;

2) қылмысқа қарсы қурес және құқық бұзушылық профилактикасы бойынша қолданыстағы республикалық және өнірлік бағдарламалар;

3) жеке және заңды тұлғалардың, өкілдік органдар депутаттарының, Қоғамдық кеңестердің, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер өкілдерінің өтініштері;

4) полиция қызметі туралы қоғамдық пікірді зерделеу нәтижелері;

5) бұқаралық ақпарат құралдарындағы полиция қызметі мәселелері жөніндегі жарияланымдар;

6) аумақтық полиция органдарын ресурстық қамтамасыз ету, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша полицияға жүктелген міндеттерді іске асыруға жергілікті атқарушы органдар бөлген қаржылық және өзге де қаражаттарды пайдалану нәтижелері туралы мәліметтер;

7) өзге де қажетті ақпарат пайдаланылады.

10. Есеп беруге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік мәслихаттарының депутаттары, жүртшылықтың, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, білім және ғылым, ауыл және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық органдарының, меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

11. Есеп беруді өткізу барысы хаттамада тіркеледі, оны хатшы – жергілікті атқарушы органдары өкілі толтырады.

12. Есеп беру хаттамасы міндетті түрде есеп беру өткізуінде уақыты, күні, орны, қатысушылар саны, қабылданған шешімдер, сондай-ақ есеп беру барысында келіп түскен азаматтардың шағымдары, ұсыныстары мен ескертулері туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

13. Есеп беру хаттамасы тікелей ол өткізілген күн толтырылады.

14. Хаттамаға хатшы және тиісті полиция қызметкери қол қояды, жергілікті атқарушы органдың мөрімен расталады.

15. Есеп беру барысында жауаптар мен түсіндірuler толық көлемде берілмеген азаматтардан келіп түскен шағымдар, ұсыныстар мен ескертулер хаттамаға тіркеледі және олар бойынша "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тиісті тексеріс жүргізіледі.

16. Полицияның құзыretіне кірмейтін шағымдар, ұсыныстар мен ескертулер келіп түскен жағдайда, бастамашыны міндетті түрде хабардар ете отырып, олар бағыныштылығы немесе аумақтылығы бойынша мемлекеттік органдарға жолданады.

17. Есеп беру материалдарын тіркеуді, есепке алуды және сақтауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Хаттама көшірмесі тиісті аумақтық полиция органына жолданады.

18. Есеп берудің хаттамасын орындауды бақылау жергілікті атқарушы органдарға және аумақтық полиция органдарының басшылығына жүктеледі.

19. Есеп беруде азаматтарды, қоғамдық бірлестіктерді және ұйымдарды олардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысқаны үшін марапаттауды жүргізуге жол беріледі.

20. Жиналыс өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапкершілік тиісті аумақтық полиция органының басшысына жүктеледі.

3-тaraу. Аумақтық полиция органы бастығының есеп беруі

21. Аумақтық полиция органы бастығының халық алдында есеп беруі жергілікті атқарушы орган басшылығының қатысуымен жылына кемінде бір рет – есеп беру кезеңінен кейінгі жылдың бірінші тоқсанында жүргізіледі.

22. Аумақтық полиция органы бастығының есебінде:

1) қызмет көрсетілетін аумақтағы криминогендік ахуал;

2) қылмысқа қарсы қырсақтықтың үзүншілігінде қамтамасыз етуге жауапкершілік профилактикасы бойынша респубикалық және өңірлік бағдарламаларды іске асыру нәтижелері;

3) полицияның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеу бойынша қызметінің негізгі қорытындылары;

4) қоғамдық тәртіпті және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыс профилактикасы мен оған қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралардың тиімділігі;

5) сыйайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстың жағдайы мен нәтижелілігі;

6) жеке және занды тұлғалардың, мәслихат депутаттарының, мемлекеттік органдардың өтініштерін қарау нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ аумақтық полиция органы қызметіндегі кемшіліктер туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға дең қою шаралары;

7) аумақтық полиция органының қызметі туралы қоғамдық пікірді мониторингтеу қорытындылары;

8) полиция қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заннамасындағы өзгерістер;

9) жергілікті деңгейде шешуді талап ететін аумақтық полиция органы қызметін ұйымдастырудың проблемалы мәселелер;

10) қызмет көрсететін аумақта қалыптасқан жағдайға сәйкес қарауды талап ететін өзге де мәселелер көрсетіледі.

23. Есеп беру барысында азаматтардың ұсыныстары мен ескертулері тындалады, олар бойынша тиісті түсіндірмелер мен жауаптар беріледі.

4-тaraу. Участекелік полиция инспекторының есеп беруі

24. Участекелік полиция инспекторының халық алдындағы есеп беруі аумақтық полиция органы басшылығының және жергілікті атқарушы орган өкілдерінің қатысуымен бір тоқсанда кемінде бір рет жергілікті қауымдастық жиындарында өткізіледі.

25. Есеп беруді өз бетінше аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері шақыратын жергілікті қауымдастық жиналыстарында не жергілікті қауымдастық жиыннымен өкілеттік берілген жиналыс мүшелерінің кемінде он пайызының бастамасы бойынша өткізуге жол беріледі.

26. Қызмет көрсетілетін әкімшілік участекелердің ерекшеліктеріне қарай есеп беруді бірнеше іргелес әкімшілік участекелерде тұратын жергілікті қауымдастықтың бірыңғай жиынның (жиналысын) өткізу жолымен жүргізуге болады, онда бірнеше участекелік полиция инспекторы біруақытта есеп береді.

27. Есеп беруде участекелік полиция инспекторы қатысушыларға қызмет көрсетілетін әкімшілік участекедегі криминогендік жағдай және оны тұрақтандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы, құқық бұзушылық профилактикасы, азаматтарды қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы, полицияның профилактикалық қызметі саласында Қазақстан Республикасының заннамасындағы өзгерістер туралы, шағымдар мен өтініштер, оның ішінде өткен есеп беру барысында келіп түскен шағымдар мен өтініштер бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты жеткізеді.

28. Есеп беру барысында азаматтардың ұсыныстары мен ескертулері тындалады, олар бойынша тиісті түсіндірмелер мен жауаптар беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК